



## **Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың «Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшыларына**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында азаматтарды және әскери қызметшілерді медициналық куәландыруға тартылған 4000-нан астам медицина мамандары жүйелі түрде әскери-медициналық сараптама курстарынан өтуі қажет (бұдан әрі – ӘМС). Бұл мамандардың көпшілігі жергілікті денсаулық сақтау органдарының медициналық ұйымдарында жұмыс істейді.

Жыл сайын мерзімді қызметтегі бірнеше жүздеген әскери қызметші әскери қызмет өткерумен байланысты емес сырқаттары бойынша, негізінен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары қатарына шақырылғанға дейін әскери-дәрігерлік комиссия (бұдан әрі – ӘДК) дәрігерлерінің қателігі салдарынан қызметтен босатылады.

2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 2-тарауы 12-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және елорданың жергілікті атқарушы органдары денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Әскери қызметке шақырылатын азаматтарды, әскери қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландырудың сапасын жақсарту, халықты заңдық және әлеуметтік қорғау, дәрігерлік қателіктер жібермеу мақсатында «Астана медицина университеті» КеАҚ жанынан әскери медициналық сараптама бойынша біліктілікті арттыру курстары өткізіледі.

Курстар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 165 «Медициналық және фармацевтикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлаудың Үлгілік бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Медициналық куәландыру, әскери-дәрігерлік және дәрігерлік-ұшу сараптамасын жүргізу негіздері» циклі бойынша ұйымдастырылған.

ӘМС бойынша біліктілікті арттыру курстары медициналық ұйымдардағы (мекемелердегі), сондай-ақ азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер (басқармалар, бөлімдер) жанындағы ӘДК-ның жұмыс сапасын жақсартады, сондай-ақ ӘМС мәселелері бойынша

азаматтардың сот талаптарын азайтады.

Курстар ӘМС мәселелерімен айналысатын барлық мамандықтардың дәрігерлеріне арналған.

Тыңдаушыларды дайындауға «Астана медицина университеті» КеАҚ-тың оқытушы-профессорлар құрамы мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясының мамандары жұмылдырылады.

Біліктілікті арттыру курстары 120 оқу сағатына (15 күн – 4 кредит) есептелген, оның ішінде 20 сағаты медициналық қызмет көрсету сапасын сараптау, медициналық-әлеуметтік сараптама жасау мәселелеріне арналған.

Оқу ақысы:

күндізгі оқыту циклі – 44 000 (қырық төрт мың) теңге;

қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту циклі – 40 000 (қырық мың) теңге;

Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне шығуды есепке алғанда (топта кемінде 15-20 адам) – 60 000 (алпыс мың) теңге.

Курс аяқталғаннан кейін белгіленген үлгідегі сертификаттар беріледі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде «Астана медицина университеті» КеАҚ облыстардың (аудандардың), республикалық маңызы бар қалалардың қоғамдық денсаулық сақтау басқармаларының (бөлімдерінің), медициналық ұйымдардың басшыларынан 2022 жылы дәрігерлерді ӘМС бойынша біліктілігін арттыруға жіберу мүмкіндігін қарастыруларыңызды сұрайды.

Біліктілікті арттыру бойынша қажетті ақпарат «Астана медицина университеті» КеАҚ-тың ресми сайтында ([Amu.edu.kz](http://Amu.edu.kz) → полезные ссылки → военная кафедра → основы военно-врачебной экспертизы бөлімінде) орналастырылған.

Байланыс телефондары: 8(7172) 53-96-12, 87057427666, 8(702)258-28-67,  
электрондық пошта: [bolat\\_baikadamov@mail.ru](mailto:bolat_baikadamov@mail.ru)

Қосымша: курстардың өту кестесі 1 парақта.

**«Астана медицина университеті» КеАҚ**  
**Басқарма төрағасы – ректоры**

**К. Надыров**